

**Юрий Гагарин атындағы негізгі мектебінде өткізілген қамқоршылық кеңес  
отырысының  
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Құлан ауылы

01.10.2020 жыл

Барлығы: 9

Қатысқандар: 9

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қамқоршылық кеңес алдындағы мектеп директорының есебі
2. Әр түрлі мәселелер

**1.Тыңдалды. Мектеп директоры Тасыбаев Қайрат Байғашұлы:**

Биылғы 2020 - 2021 оқу жылында мектепте барлығы 300 оқушы білім алууда. Қазіргі санитарлық эпидемиологиялық жағдайға байланысты, бастауыш 1-4 сыныптар кезекші сыныпта мектепте оқытылуда, 5-9 сыныптар қашықтықтан оқытылуда. Санитарлақ талаптарды сақтау мақсатында, бастауыш сынып оқушылары тек бір кабинетте оқиды, қоңыраулар әртүрлі уақытта соғылады, мектепке кірген кезде дене қызуларын өлшеу ұйымдастырылуда, сыныптарды желдету, кварцтау және ылғалды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, бастауыш сыныптарда тек негізгі пәндерді мектепте оқыса, қалған пәндер қашықтықтан оқытылуда.

Ата-аналарға санитарлық-эпидемиологиялық және мектепке баратын кезде қойылатын талаптар жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, оқу қашықтықтан жүргізілетінін ескеріп, әлеуметтік санаттағы оқушыларға мектеп тарапынан компьютерлік техникамен қамту мақсатында, мектеп компьютерінен 55 отбасыға компьютер берілді. Аудандық білім бөлімінен 25 отбасыға планшет, 16 отбасыға ноутбук, моноблок таратылды. Барлығы 96 отбасы компьютерлік техника құрылғысымен қамтылды.

Сондай – ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 684 бұйрығының 4 қосымшасы негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде ыстықтамақпен қамтылатын 105 оқушының тізімі бектілген. Және де ол оқушылар жетім, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды құрайтындығын айтты.

2020 жылдың шілде айында мектепке құны 3900.000 т. тұратын сегіз көзді дәретхана соғылды. Мектептің ішіне соғылған дәретхана оқушыларға ыңғайластырылған. Жөндеу жұмыстарына қаражат аудандық білім бөлімінің тарапынан қарастырылды.

2020 жылдың маусым айында мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарына аудандық білім бөлімінен сырлау, ақтау жұмыстарына төмендегідей материалдар берілді.

1. Еден сыры -86 688 т.
2. Көк,ақ,қызыл,жасыл, сары сырларға – 47 301 т.
3. Водозэмульсия 200 кг – 16 000 т.
4. Цемент 350 кг – 8575 т.
5. Гипс 50 кг – 1550 т.
6. Растворитель 12 кг – 5357 т.
7. Щетка, валик (әк, сырлау) 30 дана –8 928 т.
8. Әк тас 100 кг- 7 500 т.

Барлығы : 181 899 теңге (жүз сексен бір мың сегізжүз тоқсан тоғыз теңге)

Санитарлақ талаптарды сақтау мақсатында, аудандық білім бөлімінен берілген қажетті материалдар:

- 1.Антисептик 40 дана - 16 000 т.
2. Медициналық қолғап 50 дана – 6500 т.
3. Белизна 8 дана – 2136 т.
4. Гипохлорид 4 дана – 3928 т.
5. Дихлор 2 банка – 6480 т.

Барлығы : 35 044 теңге

Сонымен бірге оқу жылының жарты жылында жасалған қайырымдылық көмектің жұмсалынуы жөніндегі есебін баяндады.

Сондай-ақ атқарылған жұмыстарға толық талдау жасай отырып, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында демеушілердің көмегімен оқу кабинеттерін жаңа дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз ету жолдарын қарастырып жатқандығын айтып өтті.

## **2.Сөйледі. Қ.Ж.Қожамқұлов – кеңес мүшесі:**

Мектеп басшысының есебіне байланысты қандай сұрақтар бар екендігін сұрады.

## **3.Тыңдалды.**

**Ғани Мұратбаев атындағы бастауыш мектебінің директоры: Тоқабаева Г.**

2020 жылдың шілде айында мектепке құны 3000.000 т. тұратын екі көзді дәретхана соғылды. Дәретхананы ТОО «Ербол» құрылыс компаниясы соқты. Мектептің ішіне соғылған дәретхана бастауыш сынып оқушыларына ыңғайластырылған. Мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілді. Жөндеу жұмыстарына қаражат аудандық білім бөлімінің тарапынан қарастырылды.

Ғ.Мұратбаев атындағы бастауыш мектепке қарасты мөлтек ауданында, яғни Шөңгер ауылында екі көше бар. Жалпы мөлтек аудан бойынша барлығы 0-18 жасқа дейін 95 бала бар. 0-6 жасқа дейін 54 бала, 6-18 жасқа дейін 41 бала бар. Оның ішінде 41 бала мектепте оқиды, 4 бала колледжде оқиды. Мөлтек

аудан бойынша 1 үйден оқитын бала және 1 мүгедек бала бар. Мектепте оқытылу тілі қазақ тілінде жүргізіледі.

**4.Сөйледі: М.Ү.Атайбекова - кеңес төрайымы**

Мектептің материалдық базасы әлі де сын көтермейтіндігін айта отырып, мектепке спортзал өте қажет екендігін, мектеп оқушыларының әр түрлі спорттық секцияларға, үйірмелерге қатысу үшін аудан орталығына қатынайтындығын айтты.










Мұндай мәселені шешу бір адамның қолынан келмейтіндігін айта отырып, ауыл азаматтары тарапынан қолдау, Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан көмек керектігін ескертті.

**5.Сөйледі: А.Ж.Жантыкова- кеңес төрайымы:**

Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселелер толық қаралғандығын айта отырып, Қамқоршылық кеңес отырысының шешімімен таныстырды.

**ШЕШІМІ:**

1. Юрий Гагарин атындағы негізгі мектеп директоры Қ.Б.Тасыбаевтың және Ғ.Мұратбаев атындағы бастауыш мектебінің директоры Г.Тоқабаеваның есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан нәтижелі жұмыстар жандандырылсын.

1. М.Ү.Атайбекова		камқоршылық кеңестің төрайымы
2. Қ.Ж.Қожамқұлов		камқоршылық кеңес мүшесі
3. А.Ж.Жантыкова		камқоршылық кеңес мүшесі
4. Д.Жанасов		камқоршылық кеңес мүшесі
5. С.Е.Бисенбаева		камқоршылық кеңес мүшесі
6. Т.Р. Жусипова		камқоршылық кеңес мүшесі
7. Г.Д.Ақылбаева		камқоршылық кеңес мүшесі
8. Б.У.Хинятова		камқоршылық кеңес мүшесі
9. Б.С.Жанайдарова		камқоршылық кеңес мүшесі